



## ТҮРҒЫН ҮЙ САЯСАТЫН ЖЕТІЛДІРУДІ ТАПСЫРДЫ

**Мемлекет басшысы «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ басқарма төрағасы Қанат Шарлапаевты қабылдады.**

Қасым-Жомарт Тоқаевқа 2023 жылдың I жартыжылдығындағы «Бәйтерек» холдингі қызметінің нәтижелері, соның ішінде кәсіпкерлерді, агроөнеркәсіп кешенін қолдау және халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі бастамалардың іске асырылуы барысы туралы баяндалды.

Президентке ұсынылған мәлімет бойынша ірі бизнесті қаржыландыру көлемі – 114,4 млрд теңге. Холдинг «Даму» қоры арқылы шағын және орта бизнесті дамытуды белсенді қолдайды. Қор 15 мыңнан астам кәсіпкерге қолдау көрсетті.

Жыл басынан бері «Отбасы Банкі» 29 мың отбасының баспаналы болуына көмектескен. Банк баспананы жалға беруді субсидиялау бағдарламасына да белсенді қатысып келеді. Бағдарлама аясында I және II топтағы мүгедектігі бар адамдарға, мүгедектігі бар балаларды, жетім

балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға және көпбалалы отбасыларға қайтарымсыз мемлекеттік қолдау көрсетілді. Бірінші жартыжылдықта аталған бағыт бойынша 9 мыңнан астам өтінім мақұлданды.

Сондай-ақ «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы жыл басынан бері 271 млрд теңгеден астам қаржы бөлініп, 9 мыңға жуық фермерге қолдау көрсетілгені туралы хабарланды. Биыл 3,5 млн гектар жерге егілді. Бұл – еліміздегі барлық егіс алқабының 15 пайызы. Азық-түлік қауіпсіздігін нығайту және импортқа тәуелділікті төмендету үшін ауыл шаруашылығындағы инвестициялық жобаларды несиелендіруге 131 млрд теңгеден астам қаражат бөлінді. Аграрлық секторды қаржыландыру көлемінің 70 пайыздан астамы «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ мен «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ға тиесілі.

Кездесу соңында Президент бизнестің ахуалын жақсартуға және әлеуметтік тұрғын үй саясатын жетілдіруге бағытталған нақты тапсырмалар берді.



## БӘСЕКЕЛЕСТІК ЖАҒДАЙЫ ЖӨНІНДЕ ЕСЕП БЕРІЛДІ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Марат Омаровты қабылдады.**

Президентке биылғы бірінші жартыжылдықтағы бәсекелестік жағдайы және негізгі тауар нарықтарындағы бәсекелестікке кедергі келтіретін тосқауылдар жөнінде есеп берілді.

Мемлекет басшысына монополияға қарсы тергеу амалдарының аралық нәтижелері, экономиканы монополиядан арылту және бәсекелестікті дамыту үшін қабылданған шаралар, сондай-ақ монополияға қарсы органның рөлін

күшейту мәселесі туралы баяндалды. Жыл басынан бері монополияға қарсы заңнаманы бұзу деректері бойынша 48 істі тергеу аяқталды. Сондай-ақ 33 іс тергеліп жатыр. Бұл ретте жоқшылықтың субъектілеріне 3,5 миллиард теңгеден астам айыппұл санкциясы салынды. Соттың қарауында 40-тан астам монополияға қарсы іс бар.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев ел экономикасының негізгі салаларын монополиядан арылту жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыру ісін жалғастыруды және бәсекелестікті дамыту бойынша қосымша ұсыныстар дайындауды тапсырды.



### КӨҢІЛ АЙТТЫ

**Мемлекет басшысы Пәкістан Президенті Ариф Алвиге көңіл айту жеделхатын жолдады.**

Қасым-Жомарт Тоқаев Пәкістан Президенті Ариф Алвиге елдің солтүстік-батысында болған лаңкестік шабуыл салдарынан көптеген азаматтың қаза табуына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқының және жеке өз атынан жақындарынан айырылған отбасыларға қайғыра көңіл айтты, сондай-ақ зардап шеккендердің тезірек сауығып кетуіне тілектестік білдірді.

## ТАРИФ ӨЗГЕРГЕНМЕН САЛА ЖАҢҒЫРА МА?



Үкіметтің басты жаңа міндеті анықталды: ол «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасын тиімді әрі уақытылы жүзеге асырып, қазақстандық жылу энергетикасы мен энергия жүйесін құтқарып қалуы тиіс. Әйтпесе, сарапшылардың пікірінше, осы онжылдықта бұл жүйе бар өңірде жаппай күйрей бастауы мүмкін. Дегенмен депутаттар дәл осындай бағдарлама бұрынғы билік тұсында да іске асырылғанын, оның барысында сала монополистері халықтан тариф көтеру арқылы алған 1 триллион теңге қаржыны жоқ қылғанын еске салды. Жүйе болса, әбден тозды. Демек, мықты бақылау да қажет.

4 >>

### ЖЕР МӘСЕЛЕСІ ОҢЫНАН ШЕШІЛДІ

Бірнеше ай бұрын Қостанай облысы Меңдіқара ауданының Введенка ауылы тұрғындары жайылымға арналған жерлердің болмауына байланысты мал жаю мәселесі бойынша жергілікті атқарушы органдарға жүгініп, жауап болмағандықтан, кейін «АМАНАТ» партиясының Қостанай облыстық филиалының қоғамдық қабылдауына келген болатын.



3  
БЕТ

### АЛАШ ТУРАЛЫ АРХИВ СӨЙЛЕСІН

1960 жылдары бала кезім, түс кезінде үйге Асаубай деген шал келді, нағашым бастаған екі-үш адам отырған, әңгімелерінің төркіні – жер мәселесі, жердің жаппай жыртылып, жайылымға жарамай қалуы. Сонда Асаубай қарияның айтқаны әлі есімде. «Бәрін құртқан шошақ тымқаттылар – елді де, жерді де. Алаштың азаматтарында қазір нең қалды».



7  
БЕТ

## ЖАҚЫННАН ЖӘРДЕМАҚЫ ҚЫМБАТ

Соңғы жылдары арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін мекемелер мен ондағы қызмет алушылардың саны жылдан-жылға көбейіп келеді. Сондай-ақ оларға бөлінетін бюджет қаражаты да өсіп, жәрдемақы көлемі де артқан. Қамқөңіл жандардың қамқорлыққа алынғаны жөн-ақ. Тек соңғы сағаттары соққанша мемлекеттің қарауында қалған сырқат жандардың жылдар бойы жиналған қаражаты кімдерге тиесілі болғаны дұрыс?



4 >>

Алматыда «Медеу» мұзайдынында 19 жылдық үзілістен кейін «Азия дауысы» халықаралық заманауи музыка фестивалі өтті. Биыл фестиваль үш күнге созылды. Мерекелік көңіл күй мен танымал әртістердің өнерін тамашалау үшін аңызға айналған аренаға жиналған адамның қарасы қалың.

Көрермен лық толы аренада фестиваль қызыл кілемнен басталды, онда раритет көліктерден түскен атакты жұлдыздар мен «Азия дауысы – 2023» қатысушылары жүріп өтті. Ашылу салтанатына келген Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов фестивальдің жыл сайын өтетінін және келесі жылдан бастап халықаралық ән байқауы қосылатынын айтты.

## «АЗИЯ ДАУЫСЫ» ҚАЙТА ОРАЛДЫ



8 >>





## БҮЙРЕГІН БАСҚА ЕЛДЕ САТПАҚ БОЛҒАН

**33 жастағы оралдық тұрғын өзінің бүйрегін шетелде сатпақ болған. БҚО полиция департаменті мәлім еткендей, ол бұл операцияны Кения Республикасында жасату бойынша мәміле жасасқан.**

Анықталғандай, 1990 жылғы А. есімді азамат – Орал қаласының тұрғыны, отбасылы, вахталық әдіспен жұмыс істейді. Ақшаның жетіспеушілігінен осындай қадамға бармақ болған. Ол мамыр айында халықаралық интернет-сайтта ақшалай сыйақы үшін трансплантацияға арналған бүйрек органын сату туралы хабарландыру жариялаған. Оған сайттың қызметкерлері байланысқа шығып, ортақ мәмілеге келу арқылы құны 20 мың АҚШ доллары тұратын операцияны Кения Республикасында жасауға келіскен.

«Екі ай бойы 33 жастағы тұрғын медициналық орталықтарда тапсырған талдау нәтижелерін

Telegram желісі арқылы жіберіп отырған. Сайт қызметкерлері оған жол журу, электронды виза үшін 250 АҚШ доллары көлемінде ақша жіберген. 30 шілде күні полиция қызметкерлері аталған азаматты Алматы қаласындағы әуежайдың ұшу аймағынан ұстады. Одан әрі тергеу әрекеттерін жүргізу үшін азамат Орал қаласына жеткізіліп, ешқандай кетпеу туралы қолхат берілді. Аталған дерек бойынша ҚР ҚК 116-бабы 1-бөлігіне сәйкес («Адамның ағзалары мен тіндерін алып қоюға мәжбүрлеу немесе заңсыз алып қою») сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізіліп жатыр», – деп хабарлады ведомство.

Айта кету керек, Қазақстанда адам органдарын сатуға тыйым салынады және трансплантация жасаудың жалғыз жолы – оның туысының өтеусіз қайырымдылығы немесе қайтыс болған адамның туыстарының келісімімен органды трансплантациялау.

## БАНКТЕН ҰРЛАП, БУКМЕКЕРГЕ САЛҒАН



**Қызылорда облысында банк қызметкері 600 млн теңгеден астам ақшаны ұрлап кеткен. Ұрлық фактісі бойынша тергеу жүргізіліп жатыр.**

Белгілі болғандай, банк қоймасындағы қаражатты тексеру барысында 602 900 000 теңге жетіспейтіндігі анықталған. Бақылаушы-кассир ақшаны шамамен 1 000 000 теңгеден 4 000 000 теңгеге дейін

бөлшектеп, кассадан ұрлаған болып шықты.

Банктің 2021-2023 жылдар аралығындағы бейнебақылау камераларының жазбалары тәркіленді, онда кассадан халаттың жеңіне оралған ақшаларды шығару арқылы ұрлау фактілері тіркелген. Күдікті жасаған қылмыстық құқықбұзушылықты толық мойындады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында букмекерлік кеңсенен оның атына тіркелген шотынан ақпарат алынып, соңғы 3,5 жылда есепшотқа 158 млн теңге түскені анықталды. Сонымен қатар оның атына және жұбайының атына тіркелген абоненттік нөмірлерден букмекерлік кеңселердің есепшотына ақша аудару бойынша операциялар жүргізілгені туралы ақпарат келіп түсті.

Күдікті қамауға алынып, уақытша ұстау изоляторына қамалды.

## ІРІ КӨЛЕМДЕГІ ЕСІРТКІ ТӘРКІЛЕНДІ



**Көлік полицейлері Тараздың төрт тұрғынынан 29 келі кептірілмеген марихуана тәркіледі.**

Көліктегі полиция департаментінің қызметкерлері «Қарасора – 2023» жедел алдын алу іс-шарасын өткізу барысында қызметтік-іздістіру итімен Түркістан облысының өткелінде «Мазда» автокөлігін тоқтатты. Көлікте 39 жастағы көлік жүргізушісі және Тараз қаласының 3 тұрғыны болды. Тексеру кезінде автокөліктің жүксалғышынан ерекше иісі бар өсімдік тектес зат табылып, тәркіленді.

Сараптама қорытындысына сәйкес, тәркіленген зат жалпы салмағы 29 келі 140 грамм, яғни аса ірі көлемдегі кептірілмеген марихуана болып шықты.

ҚР Қылмыстық кодексінің 296-бабы 4-бөлігі («Есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен өткізу мақсатынсыз заңсыз жұмыс істеу») бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды.

Қазіргі уақытта сот ұсталғандарға қатысты 2 ай мерзімге қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шарасына санкция берді, тергеу амалдары жүргізіліп жатыр.

## 40 БАЛА СУҒА БАТЫП КЕТТІ

**Елімізде былтырға қарағанда адамдардың суға батып кету көрсеткіші азайған. Дегенмен биыл да суға кету фактілері бар.**



«Су айдындарында шомылу қауіпсіздігі бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға қарамастан биыл жыл басынан бері 144 адам суға батып кетті. Суға кеткендердің ішінде кәмелет жасына толмаған 40 бала бар. Сонымен қатар жыл басынан бері 161 адам құтқарылды, оның 56-сы – балалар. Талдау жұмыстары көрсеткендей, суда өлімге алып келетін басты себептердің бірі – адамдардың, әсіресе балалардың қауіп барын түсінбеуі», – дейді Төтенше жағдайлар министрлігі Азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер комитеті төрағасының орынбасары, генерал-майор Ұларбек Абықеев.

Оның айтуынша, суға бату фактілерінің 97 пайызы шомылуға тыйым салынған жерлерде тіркеледі.

«Шомылуға рұқсат етілген орындар туралы мәліметтер БАҚ-та, әкімдіктер мен әр өңірдің төтенше жағдайлар департаментінің ресми сайттарында орналастырылған. Осы уақытта дейін атқарылған профилактикалық, кешенді жұмыстардың қорытындысына сәйкес биыл суға бату фактілері азайған. Өкінішке қарай, соңғы 3 жылда су 1 100-ден астам адамның өмірін қиды, олардың арасында 321 бала болды», – дейді ТЖМ өкілі.

## ӨЗЕННІҢ ТҮСІ ӨЗГЕРДІ



**Сарапшылар Шығыс Қазақстан облысында жер бетіне қойыртпақ төгіліп, Филиповка өзеніне құйылғанын анықтады. Бұл туралы Экология және табиғи ресурстар министрлігі мәлім етті.**

27 шілдеде әлеуметтік желіде Филиповка өзенінің сүтті реңк-Шығыс Қазақстан облысында ке боялып, ластанғаны туралы

бейне жарияланған еді. Осы факті бойынша Экология, Балық инспекциясы, Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменттері, Риддер қаласы әкімдігі және «Қазмырыш» ЖШС өкілдерінің қатысуымен комиссиялық сапар ұйымдастырылды.

«Өзеннің ластануы «Қазмырыш» ЖШС Риддер тау-кен байыту кешенінің қалдық қоймасындағы қойыртпақ құбырының жарылуы салдарынан пайда болды. Соның салдарынан жерге қойыртпақ төгіліп, кейіннен өзенге құйылған. Экология департаментінің қызметкерлері химиялық талдауға су сынама-ларын алды. Қазіргі таңда сынама талданып жатыр», – деп атап өтті министрлік өкілдері.

Аталған факті бойынша Экология департаменті тарапынан «Қазмырыш» ЖШС-не қатысты жоспардан тыс тексеру белгіленді.

## ТАУАРДЫ АЛЫП, ТАБАНЫН ЖАЛТЫРАТҚАН

**Түркістандық полицейлер алаяқтықтың 45 фактісіне қатысы бар күдікті ер адамды ұстады.**

«Cyberpol» арнайы тобының қызметкерлері күдіктіні Шымкент қаласынан ұстады. Қолға түскен қызылордалық Түркістан, Қызылорда, Жамбыл облыстары мен Шымкент қаласы аумағындағы алаяқтықтың 45 фактісіне қатысы бары анықталды. Шығын көлемі – 6 млн теңге.

Белгілі болғандай, ер адам дүкендер мен дәріханаларда сатушылардың сеніміне кіріп, түрлі тауарларды жымқырып келген. Яғни, алаяқ көлігінен ақша алып келіп төлеймін деген сылтаумен тауарларды тиіген бойы оқиға орнынан ізін суытқан.

ҚР ҚК 190-бабы бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде. Тергеу барысында оның осыған ұқсас басқа қылмыстарға қатыстылығы анықталып жатыр.













